

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына "границпор" жарылғыш затын транзиттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 маусымдағы N 557

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Нитро-Взрыв" акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) мен "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы арасында жасалған 1997 жылғы 23 желтоқсандағы N 21/98-НВ келісім-шартқа сәйкес Ресейден Қырғыз Республикасына "Кумтор Голд Компани" қырғыз-канада бірлескен кәсіпорны үшін "Нитро-Взрыв" акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы) шығаратын "границпор" жарылғыш затын 1000 (бір мың) тонна көлемінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге сәйкес жүктің Қазақстан аумағы арқылы өтуіне қауіпсіздік пен бақылаудың ерекше шараларын қамтамасыз ете отырып, тасымалды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті транзитті тасымалдарға заңдарда белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі